

БАҚЫЛАУ ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Бағдарламаның 1,2 аралық бақылауға арналған сұрақтары

Пәні: «Денсаулық сақтаудағы статистика»

Пән коды: DSS 3305

ББ шифры және атауы: 6B10118 «Медициналық-профилактикалық іс»

Оқу сағаты/кредит көлемі: 120 сағат /4 кредит

Оқу курсы және семестрі: 3 курс, 5 семестр

Құрастырған: аға оқытушы, Кудьярова С.А

Хаттама № 16 « 26 » 06 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі:

м.ғ.к., кауым.проф.



Сарсенбаева Г.Ж.

Бағдарламаның 1 аралық бақылауға арналған сұрақтары

I нұсқа

1. Статистикалық зерттеу бірлігін атаңыз:
 - a) басты бірлестіктердің ерекшеленген элементі
 - b) статистикалық жиынтықтың әрбір бірінші элементі
 - c) популяцияның типті өкілі
 - d) зерттеудің жанама объектісі
 - e) жиынтықтың қайталанатын элементі
2. Бақылау бірлігінің ескерілетін белгілеріне жатпайтынын анықтаңыз:
 - a) жанама
 - b) атрибутивті
 - c) сандық
 - d) факторлық
 - e) нәтижелік
3. Атрибутивті белгілердің анықтамасын атаңыз:
 - a) зерттелетін көрініске әсер ететін
 - b) санмен айқындалған
 - c) факторлы белгілердің әсерінен өзгертін
 - d) сөзбен айқындалған
 - e) математикалық белгілермен айқындалған
4. Статистикалық жиынтықты сипаттаңыз:
 - a) қойылған мақсатқа сай, белгілі бір уақыт пен кеңістік шегінен алынған біртекті элементтер тобы
 - b) қойылған мақсатқа сай, белгілі бір уақыт пен кеңістік шегінен алынған абсолютті бірыңғай элементтер тобы
 - c) қойылған мақсатқа сай, белгілі бір уақыт пен кеңістік шегінен алынған әртүрлі элементтер тобы
 - d) қойылған мақсатқа сай, белгілі бір уақыт пен кеңістік шегінен алынған салыстырмалы бірыңғай элементтер тобы
 - e) анықталған мақсаты жоқ, белгілі бір уақыт пен кеңістік шегінен алынған бірыңғай элементтер тобы.
5. Графикалық бейнелеудің анықтамасын таңдаңыз:
 - a) өзіндік мәліметтерді көрнекті етіп көрсету
 - b) математикалық шамаларды көрнекті етіп көрсету
 - c) статистикалық шамаларды көрнекті етіп көрсету
 - d) глобалды индикаторларды көрнекті етіп көрсету
 - e) интегралды көрсеткіштерді көрнекті етіп көрсету
6. Көріністің құрамын бейнелейтін графикалық бейнелеуді таңдау:
 - a) радиалды және секторлы
 - b) бағаналы және сызықша

- c) картограмма және картодиаграмма
 - d) бағана ішіндегі және секторлы
 - e) сызықты (графиктер)
7. Көріністің даму бағытын бейнелейтін графикалық бейнелеу:
- a) бағаналы және бағана ішіндегі
 - b) картограмма және картодиаграмма
 - c) радиалды және секторлы
 - d) график және радиалды
 - e) секторлы және сызықша
8. Статистикалық кестелердің негізгі элементтерін тандаңыз:
- a) анықтауыш және бастауыш
 - b) анықтауыш және пысықтауыш
 - c) пысықтауыш және бастауыш
 - d) бастауыш және баяндауыш
 - e) анықтауыш және баяндауыш
9. Статистикалық кестелердің 3 түрін тандаңыз:
- a) жай, күрделі және өте күрделі
 - b) жай, топтастырылған және құрастырмалы
 - c) жай, күрделі, біріктірілген
 - d) бір, екі, үшдеңгейлік
 - e) жай, топтастырылған, күрделі
10. Жай статистикалық кестенің анықтамасын таңдау:
- a) бастауыш және баяндауышы бір-бірімен байланыспаған кесте
 - b) баяндауыштан тұратын кесте
 - c) бастауыштан және баяндауыштан тұратын кесте
 - d) бастауыштан тұратын кесте
 - e) бірнеше топ баяндауыштан тұратын кесте
11. Топтастырылған статистикалық кестенің анықтамасын таңдау:
- a) бастауыштан басқа баяндауыштан да тұратын кесте
 - b) бірнеше бастауыштан тұратын кесте
 - c) бастауыштар тобы бір-бірімен байланыссыз кесте
 - d) тек қана баяндауыштан тұратын кесте
 - e) бастауыш және баяндауышы бір-бірімен байланыссыз кесте
12. Құрастырмалы статистикалық кестенің анықтамасын таңдау:
- a) баяндауышы тек бастауышпен ғана емес, сонымен қатар өзара байланыссыз кесте
 - b) бірнеше топ бастауыштан тұратын кесте
 - c) баяндауышы тек бастауышпен ғана емес, сонымен қатар өзара байланысты кесте
 - d) тек баяндауыштан тұратын кесте
 - e) бастауыш және баяндауышы бір-бірімен байланыссыз кесте

13. Кесте бастауышы сипаттамасына сай ЕМЕС түсінікті таңдау:

- a) кестеде не туралы айтылған дерек
- b) зерттелетін белгілерден тұратын зерттеу заты
- c) горизонтальді орналасқан
- d) кестенің сол жағына орналастырылған
- e) вертикалды орналасқан

14. Кесте баяндауышы сипаттамасына сай ЕМЕС түсінікті таңдау:

- a) бастауышты сипаттайтын дерек
- b) горизонталды орналасқан
- c) зерттелетін белгілерден тұратын зерттеу заты
- d) бірнеше топтармен көрсетілген болады
- e) әрқашан бастауышпен байланысты

15. Вариациялық қатар – бұл ...

- a) көріністің шынайы өлшемдерін көрсетпейтін, шартты, болжамды шамалар
- b) толық жинақтың салыстырмалы салмағы мен үлесін көрсететін, салыстырмалы шамалар
- c) көріністің таралуы немесе құрамының салыстырмалы көрсеткіштері
- d) жиілігіне сай дәрежесіне қарай орналасқан, көріністің сандық мағынасы
- e) нақты ортадағы көріністің таралу жиілігінің, деңгейінің көрсеткіштері

16. Таңдамалы жиынтықты сипаттау:

- a) басты жиынтықтың бөлігін сипаттауға арналмаған жиынтық
- b) статистикалық жиынтықтың ерекшеленген бөлігі
- c) басты жиынтықтың ауқымды бөлігі
- d) басты жиынтық ішінен арнайы таңдау әдісі арқылы алынған жиынтық
- e) басты жиынтықтың ескерілмейтін бөлігі

17. Таңдамалы жиынтықтың басты жиынтыққа қатысты репрезентативтілігінің түрлері:

- a) сандық және сапалық
- b) факторлық және нәтижелік
- c) атрибутивті және атрибутивті емес
- d) тура және жанама
- e) оң және теріс

18. Статистикалық бақылаулар түрлерін көрсету:

- a) тұтас және тұтас емес
- b) дедуктивті және қарама-қарсыдан
- c) ағымды және бір реттік
- d) мақсатқа бағытталған және еркін

- e) сипаттаушы және эксперименталды
19. Эпидемиологияның анықтамасын таңдау:
- a) жұқпалы ауруларды зерттейтін ғылым
 - b) қоғамдағы аурулардың алдын алу әдістерін зерттейтін ғылым
 - c) аурулардан кейінгі жағдайларын зерттейтін ғылым
 - d) қоғамда аурулардың таралуы мен себептерінің ерекшелігін зерттейтін ғылым
 - e) жұқпалы емес ауруларды зерттейтін ғылым
20. Эпидемиологиялық зерттеулердің типтері:
- a) сипаттаушы және аналитикалық
 - b) когортты және жағдай-бақылау
 - c) объективті және субъективті
 - d) обсервациялық және эксперименталды
 - e) бірдеңгейлі және көпдеңгейлі

II нұсқа

1. Эпидемиологиялық зерттеудің обсервациялық типінің түрлері:
- a) РБЗ және РЕБЗ
 - b) сипаттаушы және аналитикалық
 - c) ақпаратты және аз ақпаратты
 - d) адекватты және адекватты емес
 - e) бірізді және созылмалы
2. Бақылаудың түрлерін атаңыз:
- a) тұтас және тұтас емес
 - b) тұрақты және бір реттік
 - c) монографиялық және сауалнамалық
 - d) негізгі массив әдісі және сауалнамалық
 - e) тұрақты және бөлінбелі
3. «Демография» түсінігінің дұрыс анықтамасын таңдаңыз:
- a) өзінің уақытша дамуындағы халық тұрғындары туралы ғылым
 - b) өзінің техникалық дамуындағы халық тұрғындары туралы ғылым
 - c) өзінің қоғамдық-тарихи дамуындағы халық тұрғындары туралы ғылым
 - d) өзінің рухани дамуындағы халық тұрғындары туралы ғылым
 - e) өзінің интеллектуалды дамуындағы халық тұрғындары туралы ғылым
4. Медициналық демографияның бөлімдерін таңдаңыз:
- a) эквипетика және филология
 - b) риторика және квалибристика
 - c) статика және динамика
 - d) психоаналитика және австронавтика

- е) әдістеме және дискриптика
5. Динамиканың құрамына ЖАТПАЙТЫН бөлімді таңдау:
- а) урбанизация
 - б) табиғи азаю
 - с) фертильділік
 - д) аймақтағы халықтың тығыздығы
 - е) иммиграция
6. Динамиканың негізгі құрамын атау:
- а) туу және өлім-жітім
 - б) табиғи көбею
 - с) ұдайы өсіп-өну және миграция
 - д) өмір ұзақтығының салыстырмалы көрсеткіші және өлім жітім
 - е) эмиграция және иммиграция
7. Көріністің құрылымын көрсететін графикалық бейнелеуді тандаңыз:
- а) радиалды және секторлық
 - б) бағаналы және сызықша
 - с) бағана ішілік және секторлық
 - д) картограмма және картодиаграмма
 - е) сызықты (графиктер)
8. Табиғи қозғалысқа кірмейтінді көрсету:
- а) эмиграция
 - б) туылу
 - с) табиғи көбею
 - д) өлім-жітім
 - е) фертильділік
9. Табиғи қозғалысқа кірмейтінді көрсету:
- а) иммиграция
 - б) туылу
 - с) табиғи көбею
 - д) өлім-жітім
 - е) фертильділік
10. Табиғи қозғалысқа кірмейтінді көрсету:
- а) туылу
 - б) урбанизация
 - с) табиғи көбею
 - д) өлім-жітім
 - е) фертильділік
11. Табиғи қозғалысқа кірмейтінді көрсету:
- а) туылу
 - б) табиғи көбею
 - с) маятникті миграция

- d) өлім-жітім
- e) фертильділік

12. Табиғи қозғалысқа кірмейтінді көрсету:

- a) туылу
- b) табиғи көбею
- c) сауда- саттық миграция
- d) өлім-жітім
- e) фертильділік

13. Механикалық қозғалысқа кірмейтінді көрсету:

- a) урбанизация
- b) иммиграция
- c) маятник тәрізді миграция
- d) туылу
- e) эмиграция

14. Механикалық, қозғалысқа кірмейтінді көрсету:

- a) урбанизация
- b) иммиграция
- c) маятник тәрізді миграция
- d) өмір ұзақтығының салыстырмалы көрсеткіші
- e) эмиграция

15. Механикалық қозғалысқа кірмейтінді көрсету:

- a) урбанизация
- b) иммиграция
- c) фертильділік
- d) маятник тәрізді миграция
- e) эмиграция

16. Механикалық қозғалысқа кірмейтінді көрсету:

- a) урбанизация
- b) иммиграция
- c) өлім-жітім
- d) маятник тәрізді миграция
- e) эмиграция

17. Механикалық қозғалысқа кірмейтінді көрсету:

- a) табиғи өсу
- b) урбанизация
- c) иммиграция
- d) маятник тәрізді миграция
- e) эмиграция

18. Интегралды медико-демографиялық көрсеткіштерді таңдаңыз

- a) туылу және өлім
- b) табиғи өсу және азаю

- c) фертильділік және туу
 - d) нәресте өлімі және өмір ұзақтығының салыстырмалы көрсеткіші
 - e) урбанизация және миграция
19. халық құрылымы прогрессивті болып есептеледі, егер ... болса.
- a) балалардың меншікті салмағы 50 және одан үлкен жастағылардың санына тең
 - b) қарттардың меншікті салмағы басқа топтардан артық
 - c) ересек адамдардың саны жастар санынан артық
 - d) балалардың меншікті салмағы 50 және одан үлкен жастағылардың санынан артық
 - e) ересектердің меншікті салмағы қарттардан артық
20. Нәресте өлімі ... бала өлімімен сипатталады.
- a) 1 жасқа дейінгі
 - b) 0 тәуліктен 7 тәулікке дейінгі
 - c) 7 тәуліктен 6 айға дейінгі
 - d) 5 жасқа дейінгі
 - e) 1 айға дейінгі

Бағдарламаның 2 аралық бақылауға арналған сұрақтары

I нұсқа

1. Еңбекке жарамдылықтың шектелуі немесе жоғалту дәрежесіне байланысты ... белгіленді.
 - a) мүгедектіктің екі тобы (I-II)
 - b) мүгедектіктің төрт тобы (I-II-III-IV)
 - c) мүгедектіктің үш тобы (I-II-III)
 - d) мүгедектіктің бес тобы (I-II-III-IV-V)
 - e) мүгедектіктің алты тобы (I-II-III-IV-V-VI)
2. Туылу деңгейінің 1000 адамға шаққанда орта көрсеткіші ... аралығында болу керек.
 - a) 11 - 15
 - b) 16 - 20
 - c) 21 - 25
 - d) 26 - 30
 - e) 30 - 35
3. Өлім-жітімнің жалпы көрсеткіші ... бөліп есептеледі.
 - a) есеп беру кезеңінің соңындағы тұрғындар санына
 - b) есеп беру кезеңінің басындағы тұрғындар санына
 - c) соңғы халық санағының мәліметтері бойынша тұрғындар санына
 - d) тұрғындардың орташа жылдық санына
 - e) өткен жылғы тұрғындар санына
4. Өлім-жітім деңгейін 1000 адамға шаққанда орта көрсеткіштер... аралығында болу керек.
 - a) 11 - 15
 - b) 7 - 10
 - c) 16 - 20
 - d) 21 - 23
 - e) 30-35
5. Аналар өлімінің жағдайының топтарын анықтаңыз:
 - a) жол-көлік оқиғалары нәтижесіндегі өлім.
 - b) ЖҚЖ ауруларымен тікелей байланысты өлім.
 - c) акушерлік себептермен байланыссыз өлім.
 - d) акушерлік себептермен тікелей байланысты өлім.
 - e) қатерлі ісіктермен байланысты өлім.
6. Аймақта тұрғындар құрылымының 0-14 жас аралығының үлес салмағы 15%, 50 жас және одан үлкендердің үлес салмағы-30%. Көрсетілген демографиялық жағдайды сипаттайтын тұрғындардың жас аралық типін анықтаңыз:
 - a) тұрғындардың прогрессивті типі.

- b) иммиграция.
- c) эмиграция.
- d) тұрғындардың регрессивті типі.
- e) тұрғындардың стационарлық типі.
- 7. 1000 балаға шаққанда жүйке жүйесінің ауруларының таралуының көрсеткіштері ... диаграмма көмегімен көрсетіледі.
 - a) секторлы
 - b) бағаналы
 - c) радиальды
 - d) ішкі бағаналы
 - e) сызықты
- 8. 089/тіркеу формасы - бұл ...
 - a) бірінші рет активті туберкулез, жыныстық аурулар, трихофития, микроспория, фавус, қотыр, трахома, психикалық ауруға шалдыққан науқас туралы хабарлама
 - b) жұқпалы аурулар, тағамнан және жедел кәсіби уланулар, екпеге өзгеше әсер туралы шұғыл хабарлама
 - c) обыр немесе қатерлі ісік ауруына алғаш шалдыққан науқас туралы хабарлама
 - d) нашақорлық диагнозы анықталған науқас туралы хабарлама
 - e) гепатит диагнозы анықталған науқас туралы хабарлама
- 9. 090/тіркеу формасы - бұл ...
 - a) бірінші рет активті туберкулез, жыныстық аурулар, трихофития, микроспория, фавус, қотыр, трахома, психикалық ауруға шалдыққан науқас туралы хабарлама
 - b) обыр немесе қатерлі ісік ауруына алғаш шалдыққан науқас туралы хабарлама
 - c) нашақорлық диагнозы анықталғанда науқас туралы хабарлама.
 - d) жұқпалы аурулар, тағамнан және жедел кәсіби уланулар, екпеге өзгеше әсер туралы шұғыл хабарлама
 - e) гепатит ауруы алғаш анықталғанда науқас туралы берілетін хабарлама
- 10. 058/тіркеу формасы – бұл ...
 - a) өмірінде алғаш рет белсенді туберкулез, соз ауруы, трихофития, Микроспория, фавус, қышыма, трахома, психикалық ауру диагнозы қойылған науқас туралы хабарлама.
 - b) жұқпалы ауру, тамақ, жіті туралы шұғыл хабарлама
 - c) обырдың немесе басқа да қатерлі ісіктің диагнозы өмірде алғаш рет анықталған науқас туралы хабарлама.
 - d) кәсіби улану, егуге ерекше реакция туралы хабарлама.



е) мектепке, мектепке дейінгі балалар мекемесіне баратын Баланың аурулары, карантин туралы студенттердің, кәсіптік техникалық училищелер оқушыларының еңбекке уақытша жарамсыздығы туралы анықтама.

11. Жалпы аурушандықтың көрсеткіші ... сипаттайды.

- а) тұрғындар арасында сол немесе басқа аурулардың салыстырмалы шамасын
- б) уақыт аралығында аурушандық деңгейінің өзгеру кезеңін
- с) тұрғындар арасында туудың жоғарылауын
- д) тұрғындар арасында аурушандықтың таралуын
- е) әлеуметтік маңызды аурулардың таралуын

12. Жұқпалы ауруларды зерттеу үшін қолданылатын құжат:

- а) шұғыл хабарлама
- б) амбулаторлы науқастың талоны
- с) амбулаторлы карта
- д) ауру тарихы
- е) стационардан шыққан науқастың статистикалық картасы

13. 30 мың тұрғындары бар елді мекенде мүгедектік бойынша зейнет ақыны 150 адам алады. Мүгедектікті талдау үшін берілген мәліметтерден ... есептеуге болады.

- а) мүгедектік көрсеткішін
- б) мүгедектіктің құрылымын
- с) көрнектілік көрсеткішін
- д) жалпы мүгедектікті
- е) мүгедектердің қозғалысын

14. Отбасылық дәрігермен әкесі және балалары жиі ауыратын Ивановтар жанұясына тексеру жүргізілді. Берілген жағдайда оң нәтиже беретін дәрігердің бағыт-бағдарын таңдаңыз.

- а) экологиялық жағдайға әсер ету
- б) медициналық қызметті жақсарту
- с) өмір салтына әсер ету
- д) генетикалық факторларға әсер ету
- е) елде дәрігерлердің санын көбейту

15. Емханаға дене қызуының 39 С, жөтел, жалпы әлсіздік шағымымен әйел келді. Науқасқа ЖРВИ диагнозы қойылды. Көрсетілген науқасқа қандай құжат толтырылады?

- а) 025 (-) т/ф
- б) 086 т/ф
- с) 096 т/ф
- д) 025 (+) т/ф

е) 065 т/ф

16.Науқас Ахметова 45 ж, соңғы 5 жыл бойы гломерулонефрит СБЖ-1 диагнозымен 1 топтың мүгедегі. Емханаға жыл сайын қаралады. Көрсетілген жағдайда статистикалық тіркеу ... деп аталады.

- a) жалпы аурушандық
- b) біріншілік аурушандық
- c) аурушандық
- d) мүгедектік
- e) патологиялық зақымдалу

17.Аурулардың халықаралық жіктелуі бойынша (АХЖ-10) тұмау және жедел респираторлы инфекциялар ... класына қосылған.

- a) жұқпалы және паразитарлы аурулар
- b) тыныс алу мүшелерінің аурулары
- c) ісік аурулары
- d) қан-тамыр аурулары
- e) тері-венерологиялық аурулары

18.Аурулардың халықаралық жіктелуі бойынша (АХЖ-10) күл ауруы (дифтерия), көк жөтел, скарлатина ... класына қосылған.

- a) тері және тері асты клетчаткасы аурулары
- b) жұқпалы және паразитарлық аурулар
- c) тыныс алу мүшелерінің аурулары
- d) қан-тамыр аурулары
- e) тері-венерологиялық аурулар

19.Аурулардың халықаралық жіктелуі бойынша (АХЖ-10) желшешек, қызылша, қызамық ... класына қосылған.

- a) тыныс алу мүшелерінің аурулары
- b) тері және тері асты клетчаткасы аурулары
- c) жұқпалы және паразитарлы аурулар
- d) қан-тамыр аурулары
- e) тері-венерологиялық аурулар

20.Дәрігер педиатрға 10 жасар бала дене қызуының 39 С дейін жоғарылауына, әлсіздікке, денесінің барлығына бөртпе шығуына шағымданып келді.Тексерілген кезде қызылша диагнозы қойылды. Балада қызылша табылған кезде қандай тіркеу құжаты толтырылады?

- a) 089 т/ф
- b) 090 т/ф
- c) 058 т/ф
- d) 065 т/ф
- e) 086 т/ф



II нұсқа

1. 2021 жылғы 12 қарашадағы ҚР ДСМ «Қазақстан Республикасының халқына онкологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» бұйрығы бекітілді. Бұйрықтың нөмерін көрсетіңіз.
 - a) №88
 - b) №58
 - c) №112
 - d) №89
 - e) №025
2. Қатерлі ісіктің 4 сатысы диагнозы өмірінде алғаш рет қойылған әрбір науқасқа ... толтырылады.
 - a) №025 у т/ф
 - b) №058 у т/ф
 - c) №089у т/ф
 - d) №027-2/у т/ф
 - e) №086 у т/ф
3. Медициналық статистика – бұл
 - a) халықтың сырқаттанушылығын зерттейтін статистикалық әдістердің жиынтығы
 - b) халықтың сырқаттанушылығын зерттейтін статистиканың бір саласы
 - c) емдеу және алдын алу мекемелерінің қызметін зерттейтін статистиканың саласы
 - d) медицина, гигиена, санитария және денсаулық сақтау мен байланысты сұрақтарды зерттейтін статистиканың бір саласы
 - e) халықтың денсаулық көрсеткіштерін болжау және экстраполяциялаумен айналысатын статистиканың саласы
4. Статистикалық материалдың өңделуі жинақталатын элементтерді көрсетіңіз:
 - a) мәліметтерді топтастыру, салыстырмалы және орта шамалар көрсеткіштерді есептеу.
 - b) статистикалық бақылау, қадағалау, шифрлау, деректер тобы, салыстырмалы көрсеткіштерді есептеу.
 - c) бақылау, шифрлау, деректер тобы, салыстырмалы және орта шамалар көрсеткіштерді есептеу.
 - d) бақылау, шифрлау, деректер тобы және кесте жиынтығы
 - e) статистикалық көру, деректер тобы, кесте жиынтығы.
5. Статистикалық есеп картасы үшін ең дәл және толық негізгі талаптарды көрсетіңіз:
 - a) карта жеке дара рәсімделеді және тек пайдаланушы аттары белгілерін камтиды.

- b) карта жеке дара рәсімдерді және белгілеріне атрибут қосу қажет.
 - c) карта рәсімделмейді және тек пайдаланушы аттары белгілерін қамтиды.
 - d) карта рәсімделмейді және сандық және сапалық сипаттамаларды қамтиды.
 - e) карта жеке дара рәсімделеді тек нәтижелі сипаттамаларды қамтиды.
5. Статистикалық жиынтық – бұл... .
- a) белгілі бір уақыт және кеңістік бірлігінде алынған генералды жиынтықтың бөлігі
 - b) белгілі-бір уақыт және кеңістік бірлігінде алынған біркелкі элементтерден тұратын топ
 - c) көптеген бақылаулардан тұратын статистикалық жиынтықтың бөлігі
 - d) генералды жиынтықтың репрезентативті сипаттамасы үшін арнайы әдістермен алынған генералды жиынтықтың бөлігі
 - e) белгілі бір уақыт және кеңістік бірлігінде алынған көптеген белгілерден тұратын топ
6. Статистикалық бақылаудың бірлігі – бұл
- a) ескерілетін белгілері бар статистикалық жиынтықтың біріншілік элементі
 - b) сапалы белгілері бар, статистикалық жиынтықтың бөлігі
 - c) атрибутты белгілері бар статистикалық жиынтықтың біріншілік элементі
 - d) нәтижелі белгілері бар статистикалық элементтің
 - e) атрибутивті белгілер бар, таңдамалы жиынтықтың бөлігі
7. Диспансерлеу – бұл ... әдіс.
- a) қоршаған орта жағдайын бақылау
 - b) шұғыл көмек көрсету
 - c) белгілі бір аймақтағы ауруларды ерте анықтау мақсатында денсаулық жағдайын белсенді динамикалық бақылау және ауруды сауықтыру
 - d) инфекциялық және жедел ауруларды анықтау
 - e) егде жастағы адамдардың денсаулық жағдайын қадағалау
8. ... профилактикалық медициналық тексерудің негізі болып табылады.
- a) Алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек
 - b) Оңалту жұмыстары
 - c) Диспансерлеу
 - d) Еңбекке жарамдылық сараптамасы
 - e) Күндізгі стационар мекемелері
9. Аурухана қуаттылығы ... анықталады.
- a) қызмет көрсететін халықтың санымен
 - b) жұмыс істейтін дәрігерлер санымен

- c) төсек санымен
 - d) техникалық жабдықталу деңгейімен
 - e) жалпы медициналық қызметкерлер санымен
10. Тұрғындардың аурушандығы ... анықталады.
- a) осы жылғы қаралғандар санымен
 - b) осы жылғы таралған аурулармен
 - c) осы жылғы қаралғандардың жалпы санымен
 - d) осы жылғы барлық аурулар жиынтығымен
 - e) аурудың қайталануының санымен
11. Егер туылу көрсеткіші ... дейін болса, төмен деп саналады.
- a) 20%
 - b) 25%
 - c) 30%
 - d) 40%
 - e) 50%
12. Егер жалпы өлім көрсеткіші ... болса, төмен деп саналады.
- a) 15% жоғары
 - b) 20% жоғары
 - c) 25% жоғары
 - d) 10% кем
 - e) 35% жоғары
13. «Аурушандық» мен «Еңбекке жарамсыздық» түсінігі ...
- a) бірдей емес
 - b) бірін-бірі алмастырады
 - c) бірдей
 - d) бір-біріне қайшы
 - e) синоним
14. ... клиникалық-статистикалық зерттеудің ақпарат көзі болып табылады.
- a) Сырқаттанудың даму тарихы
 - b) Диспансерлік қадағалаудың бақылау картасы
 - c) Науқастың амбулаторлық картасы
 - d) Стационардан шыққан науқастың картасы
 - e) Статистикалық талон
15. Үйінде қайтыс болғандардың қайтыс болуы туралы куәлігін ... рәсімдейді.
- a) патологоанатом
 - b) сот медициналық сарапшы
 - c) медициналық статистика дәрігері
 - d) емдеуші дәрігер
 - e) медициналық жедел жәрдем дәрігері

16. Ауруханада қайтыс болғандарға анықтаманы ... рәсімдейді.

- a) емдеуші дәрігер
- b) бас дәрігер
- c) медициналық статистика дәрігері
- d) патологоанатом
- e) бөлім меңгерушісі

17.... халықтың денсаулық жағдайын сипаттайды.

- a) Демографиялық көрсеткіш
- b) Миграция
- c) Механикалық өсім
- d) Аурушандық көрсеткіші
- e) Урбандану

18. Халықтың қартаюуы – бұл ... адамдардың үлесінің артуы.

- a) тұрғындар саны құрылымында 65 жастан жоғары жастағы
- b) тұрғындар саны құрылымында 50 жастан жоғары жастағы
- c) 100 жастағылар мен тұрғындар саны құрылымында егде жастағы
- d) 80 жастағылар мен тұрғындар саны құрылымында егде жастағы
- e) 90 жастағылар мен тұрғындар саны құрылымында егде жастағы

19. Ұзақ өмір сүретіндер қатарына ... адамдар жатады.

- a) 90 жас және одан жоғары
- b) 80 жас және одан жоғары
- c) 70 жас және одан жоғары
- d) 100 жас және одан жоғары
- e) 60 жас және одан жоғары

20. Стационар жұмысын сипаттамайтын көрсеткішті атаңыз:

- a) төсек айналымы
- b) төсектің орташа жылдық толу деңгейі
- c) стационарда болу ұзақтығы
- d) тұрғындардың өлімі
- e) диагноздың сәйкестенбеу жиілігі

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру және қоғамдық денсаулық» кафедрасы

58-12-2025
18 беттің 18
беті